ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

/Қ Ы С Қ А Ш А/

2023жыл 18 қазан № 3115-23-00-2/2103іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.І.Бөлегенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "GOLD", басшысы Копенова Кымбат Максетовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4 -бабын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер "GOLD", басшысы Копенова Кымбат Максетовнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "GOLD", басшысы Копенова Кымбат Максетовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "GOLD", басшысы Копенова Кымбат Максетовнадан талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 25782 (жиырма бес жеті жүз сексен екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 773 (жеті жүз жетпіс үш) теңге төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер "GOLD", басшысы Копенова Кымбат Максетовнадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер осы сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа осы шешімді бұзу туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 18.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Булегенова Г. И., 28.11.2023
3115-23-3-1/2455

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Шешім 2023 жылы 18 қазанда дайын болды.

Судья Г.І.Бөлегенова

Көшірме дұрыс.

Судья Г.І.Бөлегенова

Анықтама.

Шешім заңды күшіне 2023 жылы 28 қарашада енді.

Судья Г.І.Бөлегенова

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Булегенова Г. И., 28.11.2023

3115-23-3-1/2455